

## Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 9 қаңтарда № 5509 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № 9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімінің 04.05.2019 № 9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі №756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының төтенше жағдайларының алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының 2019 жылғы 5 қаңтардағы хаттамасы негізінде, Казталов ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Казталов ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысы болып Казталов ауданы әкімінің орынбасары Құтхожин Нұретдин Ихсанұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Казталов ауданы әкімі аппаратының басшысы (А.Исламбеков) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Казталов ауданы әкімінің орынбасары Н.И. Құтхожинге жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК